

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2023. № 26 (3)

Редакция

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры (Алматы қ., Қазақстан)
E-mail: kabulzia@rambler.ru Тел.: +77014070164
Профиль сілтемесі: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Редакциялық алқа

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі Республикалық орталығының директоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Әбіл Еркін Аманжолұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Мемлекет тарихы институтының директоры (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Әжіғали Серік Ескендірұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Әлімбаев Нұрсан, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Вильмено Анне-Мари, антропология докторы, Лувен католик университетінің профессоры (Лувен, Бельгия); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, эксперименталды археология ғылыми-зерттеу лабораториясының ғылыми қызметкері, Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Margulan Centre, «YMAI» Халықаралық ғылыми-зерттеу лабораториясының жетекшесі (Қазақстан – Украина); ORCID

Көмеков Болат Ешимхамедұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Қушқұмбаев Айболат Қайырсыямұлы, тарих ғылымдарының докторы, бас ғылыми қызметкер, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің аймақтану кафедрасының профессоры (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, антропология докторы, профессор (Сеул, Корея); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Оксфорд, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муминов Әшірбек Құрбанұлы, тарих ғылымдарының докторы, арабист, профессор, ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Стамбул, Түркия); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Мұқтар Әбілсейіт Қапизұлы, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Оно Рюосуке, тарих ғылымдарының докторы, Васеда университетінің антропологи (Токио, Жапония);

Оутрам Алан, археология ғылымдарының докторы, профессор, археология және тарих департаменті, Эксетер университеті (Эксетер, Ұлыбритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Өмер Құл, элеуметтік ғылымдар докторы, Стамбул университетінің профессоры (Стамбул, Түркия); ORCID

Петер Финке, PhD, Макс Планк атындағы Институтының профессоры, Цюрих университеті (Цюрих, Швейцария); Scopus Author ID: 55124700300

Садвокасова Закиш Төлеханқызы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы, Қазақстан); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Астана, Қазақстан); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Уяма Томохико, PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Саппоро, Жапония); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Жауапты редактор

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы

Ғылыми редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшылар

Зікірбаева В.С.

Редакция

Главный редактор

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан). E-mail: kabulzia@rambler.ru; Scopus Author ID: 56195670100; ORCID.

Члены редакционной коллегии

Абиль Еркин Аманжолович, доктор исторических наук, профессор, директор Института Истории государства РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Ажигали Серик Ескендерович, доктор исторических наук, профессор, Главный научный сотрудник, почетный заведующий отделом этнологии и антропологии Института Истории и этнологии (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Абусеитова Меруерт Хуатовна, доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент Национальной академии наук РК; директор Республиканского информационного центра по изучению исторических материалов (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Вильмено Анне-Мари, доктор антропологии, профессор Католического университета Лувен, (Бельгия, Лувен); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Исмагулов Оразак Исмагулович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Крупа Татьяна Николаевна, научный сотрудник Научно-исследовательской лаборатории экспериментальной археологии, Павлодарский педагогический университет им. А. Маргулана, Margulan Centre, заведующая Международной научно-исследовательской лабораторией «YMAI» (Казахстан – Украина); ORCID

Кумеков Болат Ешмухамбетович, доктор исторических наук, профессор, академик Национальной академии наук РК; директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Кушкумбаев Айболат Кайрслямович, доктор исторических наук, главный научный сотрудник, профессор кафедры регионоведения Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Мионг Сун-ок, доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, Сеул); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Моррисон Александр, PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Муктар Абильсеит Капизович, Директор РГКП «Государственного историко-культурного музей-заповедник «Сарайшык», доктор исторических наук, профессор; Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Муминов Аширбек Курбанович, доктор исторических наук, арабист, профессор; Консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Нурсан Алимбай, кандидат исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Омер Кул, доктор социальных наук, профессор Стамбульского университета; (Турция, Стамбул); ORCID

Оно Рюосуке, доктор исторических наук, антрополог Университет Васеда (Япония, Токио);

Оутрам Алан, доктор археологии, профессор департамента археологии и истории университета Эксетер (г. Эксетер, Великобритания); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Садвокасова Закиш Тулехановна, доктор исторических наук, профессор; Главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, Алматы); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Уяма Томохико, PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония, Саппоро); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, Цюрих); Scopus Author ID: 55124700300

Ответственный редактор

Муканова Гюльнар Кайроллиновна

Научные редакторы

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Мурзаходжаев Куаныш

Ответственный секретарь

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь

Зикирбаева В.С.

Editorial Team

Editor-in-Chief

Kabuldinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan) E-mail: kabulzia@rambler.ru
Profile link: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56195670100>

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich, doctor of historical sciences, professor, director of the of the Institute of history of state of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 55801644900; ORCID

Abusseitova Meruert Khuatovna, doctor of historical sciences, professor, corresponding member of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Republican information center for studies of the historical materials (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57208107912; ORCID

Alimbay Nursan, candidate of historical sciences, professor; chief researcher of the C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty). Scopus Author ID: 55860087100; ORCID

Azhigali Serik Yeskendirovich, doctor of historical sciences, professor, chief researcher, emeritus head of the department of ethnology and anthropology of the Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57478728700; ORCID

Ismagulov Orazak Ismagulovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, corresponding member of the Bologna Academy of sciences (Bologna, Italy), head of the physical anthropology laboratory of the National museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 22979625700; ORCID

Krupa Tatiana Nikolaevna, Researcher at the Research Laboratory of Experimental Archaeology, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Margulan Centre, Head of the International Research Laboratory "YMAI" (Kazakhstan – Ukraine); ORCID

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich, doctor of historical sciences, professor, academician of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan; director of the Internal institute of Kypshak studies of the al-Farabi Kazakh national university, professor of Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 57193858171; ORCID

Kushkumbayev Aibolat Kairslyamovich, doctor of historical sciences, chief researcher of the regional studies department of the Gumilev L. Eurasian national university (Republic of Kazakhstan, Astana); Scopus Author ID: 57202775542; ORCID

Morrison Alexander, PhD, professor New College, Oxford (Great Britain, Oxford); Scopus Author ID: 35794760200; ORCID

Muktar Abilseit Kapizovich, Director of the State Historical and Cultural Museum-preserve “Saraishyq” - Doctor of Historical Sciences, Professor: Scopus Author ID: 57193092619; ORCID

Myong, Soon-ok, doctor of anthropology, associate professor (Republic of Korea, Seoul); Scopus Author ID: 56720218700; ORCID

Muminov Ashirbek Kurbanovich, doctor of historical sciences, arabist, professor; consultant of the General director on organizational affairs OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul); Scopus Author ID: 56409722900; ORCID

Omer Cul, doctor of social sciences, professor of Istanbul university (Turkey, Istanbul); ORCID

Ono Ryosuke, PhD, anthropologist Waseda University (Japan, Tokyo);

Outram Alan, Doctor of archeology, professor, Department of Archaeology and History, University of Exeter (Exeter, UK); Scopus Author ID: 8954776500; ORCID

Peter Finke, PhD, professor of the Max Planck institute, Zurich university (Switzerland, Zurich); Scopus Author ID: 55124700300

Sadvokassova Zakish Tleukhanovna, doctor of historical sciences, professor; chief researcher of the C.C. Valikhanov Institute of history and ethnology of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Almaty); Scopus Author ID: 56682843400; ORCID

Uyama Tomohiko, PhD, professor of the Slavic-Eurasian researches Center of Hokkaido University (Japan, Sapporo); Scopus Author ID: 56471951500; ORCID

Vuilllemenot Anne-Marie, doctor of anthropology, professor of the Catholic university of Luven, (Belgium, Luven); Scopus Author ID: 36679419300; ORCID

Executive Editor

Mukanova Gyulnar

Scientific Editors

Kasymova Didar

Murzakhodzhayev Kuanysh

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh

Technical secretary

Zikirbayeva V.S.



**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

Published in the Kazakhstan
Otan tarikhyy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
Vol. 26. Is. 3, pp. 650-661, 2023
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>

FTAXP / МРНТИ / IRSTI 03.02.00
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2023_26_3_650-661

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРИЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ

Докей Әбдікерімұлы Талеев

Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты (44-үй, Достық көш., 050010 Алматы, Қазақстан) тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
doc19_59@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Талеев Д.Ә., 2023

Андатпа. Қазақстан территориясында Алтын Орда дәуірінің культтік нысандары: кесенелер, медреселер, жер асты жерлеу орындары; мемориалдық құрлыстар: қалалар, елді мекендер, бекінстер, керуен сарайлар өте көп шоғырланған. Қазіргі күнде осы ескерткіштерді археологиялық тұрғыдан зерттеу және оны ғылыми айналымға енгізу аса маңызды жұмыстардың бірі. Сонмен қатар Жошы ұлысындағы қалалар мен елді мекендерінің қалыптасуы және оның даму үдерісін бағамдау өте өзекті мәселелердің бірі. Жекелеген қалалардың тарихындағы өзіндік ерекшеліктерін анықтау және олардың басқа қалалармен өзара арақатынасын айқындау кешенді ғылыми зерттеулерді қажет етеді. Алтын Орда дәуіріндегі қалалардың басым көпшілігі Сырдария өзенінің ескі арналары Іңкәрдария, Жаңадария, Қуаңдария бойында және Арал теңізі маңында шоғырланған, Бұл аймақ әрқилы тарихи кезеңдердегі халықтар үшін әлеуметтік маңызы жоғары, саяси және мәдени орталықтардың бірі болды. Өлке тарихын зерттеуде ең алдымен Алтын Орда дәуірі ескерткіштері назарға алынады. Алтын Орда дәуірі кезінде ірі мәдени және рухани орталықтардың бірі болған – ортағасырлық Қышқала (Қыштөбе) Баршынкент (Баршынлық) қаласы. Ортағасырлық Қышқала қаласына бірнеше жыл бойы жүргізілген зерттеулер нәтижесі құрылыс материалы ретінде негізінен қыш кірпіштер қолданылған 2 кесене, сегіз қырлы ғимарат (Завия) орны және оның кіріпшін дайындауға арналған құмбыз (пеш), қарапайым жерлеу орындары, тұрғын үй кешендері мен ғұрыптық-мемориалдық құрылыс нысандарының орындары ашылды.

Түйін сөздер: Сырдария, Жошы ұлысы, Алтын Орда, қала, Қышқала, Баршынкент, зерттеу, кесене.

Алғыс айту. Мақала «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан: археологиялық дереккөздерді жүйелеу және талдау» ПЦФ бағдарламасын іске асыру шеңберінде дайындалды (тіркеу нөмірі BR20280993)

Дәйексөз үшін: Талеев Д.Ә. Жошы ұлысының сырдария бойындағы рухани орталығы // Отан тарихы. 2023. Т. 26. № 3. 650-661 б. (Қаз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_650-661



THE SPIRITUAL CENTER OF THE JOCHI ULUS ALONG THE SYR DARYA

Dukey Abdykerimovich Taleev

Named After A.H. Margulan. Institute of Archaeology (44 Dostyk str., 050010 Almaty, Kazakhstan)
Candidate of Historical Sciences, researcher
doc19_59@mail.ru

Abstract. There are many cult objects of the Golden Horde era: mausoleums, madrasas, underground burials; memorial structures: cities, settlements, fortresses, caravan palaces on the territory of Kazakhstan. At present time, the archaeological study of these sites and their introduction to the scientific circulation is very significant task. In addition, the formation of cities and settlements in the Jochi Ulus time and the evaluation of its development process is one of the actual issues. Identifying of specific features in the history of individual cities and determining their correlation with other cities requires comprehensive scientific research. Most of the cities of the Golden Horde era were concentrated in the old flow of the Syrdarya river, along Inkardarya, Zhanadarya, Kuandarya rivers and near the Aral Sea. This region was one of the most socially significant, political and cultural centers for peoples of different historical periods. First of all, the sites of the Golden Horde era are taken into account in the study of the history of the region. The medieval city of Kyshkala (Kyshtobe) Barshynkent (Barshynly) was one of the major cultural and spiritual centers during the Golden Horde era. As a result of years of research of the medieval city-site of Kyshkala 2 mausoleums were revealed, an octagonal building (Zaviya), mainly consisted of burnt bricks, and kiln for bricks, simple burial places, residential complexes and places of cult-memorial construction objects.

Keywords: Syrdarya, Jochi Ulus, Altyn Orda, city, Kyshkala, Barshynkent, study, mausoleum.

Acknowledgements. The article was prepared as part of the implementation of the PCF program "Kazakhstan in antiquity and the Middle Ages: systematization and analysis of archaeological sources" (registration number BR20280993).

For citation: Taleev D.A. The spiritual center of the jochi ulus along the syr darya // *Otan tarikhy*. 2023. Vol. 26. No. 3. Pp. 650-661. (Kaz.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_650-661

ДУХОВНЫЙ ЦЕНТР УЛУСА ДЖУЧИ ВДОЛЬ СЫРДАРЬИ

Докей Абдыкеримович Талеев

Институт археологии им. А.Х. Маргулана (д. 44, ул. Достык., 050010 Алматы, Казахстан) кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник
doc19_59@mail.ru

Аннотация. На территории Казахстана сосредоточено большое количество культовых объектов эпохи Золотой Орды: мавзолеев, медресе, подземных захоронений; мемориальных сооружений: городов, поселков, крепостей, каравансарайов. В настоящее время археологические исследования этих памятников и их введение в научный оборот являются одной из важнейших работ. Вместе с тем, одним из наиболее актуальных вопросов является формирование городов и населенных пунктов Улуса Джучи и оценка процесса его развития. Выявление специфических особенностей в истории отдельных городов и определение их взаимосвязи с другими городами требует комплексных научных исследований. Подавляющее большинство городов эпохи Золотой Орды сосредоточено по старым руслу реки Сырдарья, вдоль рек Инкардаря, Жанадаря, Куандарья и вблизи Аральского моря. Этот район был одним из самых социально значимых, политических и культурных центров для народов разных исторических периодов. При изучении истории края в первую очередь принимаются во внимание памятники эпохи Золотой Орды. В эпоху Золотой Орды одним из крупнейших культурных и духовных центров был средневековый город Кышкала (Кыштобе) – Баршынкент (Баршынлык). В результате многолетних исследований средневекового города Кышкала были открыты 2 мавзолея, место восьмиугольного здания (Завия), в качестве строительного материала



которого в основном использовались обожженные кирпичи, и места его изготовления (печи), простых захоронений, жилых комплексов и ритуально-мемориальных строительных объектов.

Ключевые слова: Сырдарья, Улус Джучи, Алтын Орда, город, Кышқала, Баршынкент, исследование, мавзолей.

Благодарность. Статья подготовлена в рамках реализации программы ПЦФ «Казахстан в древности и средневековье: систематизация и анализ археологических источников». (регистрационный номер BR20280993)

Для цитирования: Талеев Д.А. Духовный центр улуса джучи вдоль сырдарьи // Отан тарихы. 2023. Т. 26. 3. С. 650-661. (Каз.) DOI: 10.51943/2788-9718_2023_26_3_650-661

Кіріспе. Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км жердегі Қоғалыкөл ауылынан оңтүстікке қарай 2 км жерде Қышқала (Қыштөбе) аталатын көне қаланың орнын жатыр. Қышқала ғылымға ХІХ ғ. соңынан бері белгілі болғанымен онда қазба жұмыстары 2018 жылдан бастап жүргізуде. Бірнеше жылдан бері жүргізіліп келе жатқан қазба жұмыстары барысында қаланың әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінен, қала тұрғындарының тұрмыс тіршілігінен хабар беретін бірқатар сәулетті құрылыс орындары ашылды. Олар ислам стилінде салынған кесене, завия, ханака, құмдан және тұрғын үй орындары. Арнайы салынған стратиграфиялық кесіктен сынамалар алынып, шетелдік зерханаларға сараптамаға жіберілді. Қалашықтың хронологиялық жасын анықтау қазбадан табылған материалдарды салыстыру, манеталардың соғылған уақытын анықтау және сынамаларға жүргізілген сараптамалар қорытындысы негізінде жүзеге асырылды. Қалашықтың орналасқан жері ондағы топонимдік, гидронимдік атаулар ерекшелігін және жазба деректер мен қазба нәтижелерін үйлестіре отырып, Қышқаланың тарихи атауын (Баршынкент) анықтау әрекеттері жүзеге асырылды. Жазылып отырған мақала қалашықты зерттеу барысында алынған заттай деректер мен жазба мәліметтер бойынша жасалған тұжырымдарды ғылыми ортаға дәлелді түрде жеткізуге бағытталған.

Материалдар мен әдіс-тәсілдер. Мақаланың материалдық қоры ескерткіште осыған дейін жүргізілген археологиялық барлау және шағын болса да жүргізілген зерттеу жұмыстарының және 2018 ж. бері әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті проф. М. Елеуов басқарған археологиялық экспедициясының Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының маманы Д.А. Талеевтің қатысуымен жүргізіліп келе жатқан қазба жұмыстарының нәтижелерінен тұрады. Қаланың тарихи атын анықтау барысында жазба деректер мен елшілердің жолжазбалары негіз болды. Ал қаланың қалыптасу, өркендеу және құлдырау уақыттарын анықтау яғни өмір сүрген уақытын анықтау қазбадан алынған сынамалардың сараптамалық қорытындылары мен табылған күміс және мыс теңгелерді оқу негізінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар қаланың халқаралық керуен жолы бойындағы ірі сауда орталығы болғандығын қазбадан табылған импорттық қыш ыдыстар, теңгелер мен құнды бұйымдар көрсетті.

Талқылау. Қышқала (Қыштөбе) ғылыми ортада ХІХ-ғасырдың екінші жартысынан бастап белгілі. Қышқала жайлы алғашқы мәлімет Түркістандық археологиямен қызығушылар үйірмесінің белді мүшесі В. Каллаурдың мақаласында айтылады. Ол өзінің «Древние города Сагнак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингис-Ханом в 1219 году» атты мақаласында Сырдарияның сол жағасында, Перовск қаласынан 25–30 км жердегі Томарөткел қойнауында жатқан Кыс-Кала (Гыш-Кала) жайлы айта келіп, Жент қаласының орнын осы маңнан іздеу керек болар деген болжам жасаған (Каллаур, 2011: 211).

1946 жылы С.П. Толстов басқарған Хорезм археология-этнографиялық экспедициясында (ХАЭЭ) материалдарында Қышқала туралы ештеңе айтылмаған. Бірақ, Б.В. Андриянов Әмудария мен Сырдарияның аралығындағы археологиялық ескерткіштер түсірген картада Қышқала орналасқан жер Кыш тюбе деп белгіленген. Ә.Х. Марғұлан өзінің ортағасырлық қалалар жайлы монографиясында «Барчинкент (Барчинлыкент) Сырдарияның төменгі ағысындағы ірі мекендердің бірі. Маңғолдарға қарсы табанды қарсылық көрсеткеніне қарағанда ол Жент пен Жанкенттің жолын қорғап тұрған едауір көлемдегі бекіністі қала болуы мүмкін. Ежелгі Барчинкенттің орны бұл күнде Қызылорда мен Шиелінің аралығында жатыр және ол Қыз-қала деп аталады», - деп жазады (Марғұлан, 1950, 76–78). Қалашықтың



орналасқан жері К.А. Ақыштың жетекшілігімен 1960 жылы жарық көрген «Қазақстанның археологиялық картасында» Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 25 км жердегі жекелеген құрылыстар қирандысы Қызқала деп берілген (Археологическая карта Казахстана, 1960: 225, № 3318).

1960 жылы белгілі әдебиетші Ә. Қоңыратбаев Ғ. Мұсабаевпен бірге Қышқалада бақылау жұмыстарын жүргізген. Ол туралы Ә. Қоңыратбаев өз еңбегінде былай деп жазған: «Қышқала демектің мағынасы онда қыштан салынған кішігірім Сарай (орда) болған.... 1960 жылы біздер бірер метр жерін қазып, күйдірілген кірпіштен жасалған бармақтай сырлы құмыра таптық. Ішіне 25 грамм су кетеді, тұтқасы сынған. Осы төбенің астынан күміс ақша табылған. Сол жерден 1960 жылы мен сор бетіне шығып қалған алтын теңге таптым» (Қоңыратбаев, 1987: 336; 2004: 151). Сонымен қатар Ә. Қоңыратбаев Қышқаладағы моладан адамның, аттың сүйектері, сырланған көзелер сынығы табылғанын айта келіп: «Бірақ бұл жерде (Қышқаланы айтып отыр – авт. Ескертпесі) қамалдың ізі жоқ... «Қышқала» деген атау ел аузында жүрген кейінгі сөздер болса керек. Сыр бойында ондай қаланың аты жоқ» – дейді (Қоңыратбаев, 1987: 336). Қыштөбенің маңындағы Қоғалыкөл ауылының тұрғыны Исламбек ақсақалдың айтуынша Қыштөбеге 1976 жылы Ә.Х. Марғұлан Ә. Қоңыратбаевпен бірге қайта келген. Сол сапарында ішінде мыс теңгелері бар кішігірім құмыра табылған. Құмыраны Ә.Х. Марғұлан өзімен бірге алып кеткен. Бірақ, сол сапары жайлы академик ешқандай жазба мәлімет қалтырмаған. Шамасы Ол кісінің қолжазбасы жарияланбай қалса керек.

Қышқала қалашығында алғашқы археологиялық қазба жұмыстарына 1990 ж. Қызылорда мемлекеттік пединститутының оқытушысы Т. Мәмиев басқарған студенттер тобы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінен арнайы шақырылған проф., М. Елеуов пен Д.А. Талеевтің қатысуымен жүргізді (Мәмиев, 1999: 27). 1990-жылдарда Қышқалада жүргізілген қазба жұмыстарының барысы, онан ашылған құрылыстар, табылған археологиялық заттар мәліметтер жайлы Т. Мәмиевтің «Кейінгі ортағасырдағы Арал өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.)» тақырыбына тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін жазған диссертациялық жұмысында қысқаша жазылған (Мәмиев, 2000: 64–69).

Т. Мәмиев Қоғалыкөл ауылынан 2 км оңтүстік-шығыста орналасқан Қышқалада зерттеу жұмыстарын жүргізген кезде оның діни, қоғамдық, азаматтық құрылыстар қирандыларының орны дөңгелек төбелерден тұратынына көңіл аударған. Мысалы, Мәмиев өз есебінде бірінші төбенің диаметрі 200 м, биіктігі 2 м, екінші төбенің диаметрі 300 м, биіктігі 2,5 м ал үшінші төбенің диаметрі 300 м, биіктігі 3 м, төртінші төбенің диаметрі 500 м биіктігі 5 м деп көрсеткен. Олардан табылған қыш кірпіштердің өлшемдері 25×7×12 см, 25×6×27 см. Ол 1992 ж. солтүстіктен оңтүстікке қарай өткен орталық көшесіндегі мешіт және тұрғын үй кешендерінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба барысында табылған жапсырма өрнегі бар плиталардың сынықтары табылды. Онда араб тілінде жазылып көгілдір, ақшыл түспен өрнектер салынған. Қазба барысында көптеген сырлы және сырланбаған ыдыс сынықтары мен шыныдан жасалған ыдыс сынықтары, моншақ үзінділері кездесті (Мәмиев, 2000: 52).

Сол кезде салынған стратиграфиялық қазба нәтижесі бойынша құрылыс қабаты 60 см терендіктен тұрады. Оның жоғарғы 10 см тығыз қабаттан, 7 см ағаш пен қамыс күлі аралас қабаттан, 20 см қамыс, 3,5 см кесек аралас бос қабаттан түзілген. Қазба барысында аршылған үй құрылыстарының топографиясы мен табылған заттар кешенін Отырар қаласының материалдарымен салыстыра келе автор қалашық XIII–XVIII ғғ. аралығында өмір сүрген деген болжам жасаған. Қазбадан табылған мыс бақырларды Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының мамандары Р.З. Бурнашева мен С. Юсупова зерханалық сараптаудан өткізген. Мәмиевтің Қышқалада жүргізген қазба жайлы есебінде қалашықтың, салынған қазбаның жобасы және қазбадан табылған жәдігерлердің суреттері берілген (Мәмиев, 2000: 64–68).

Жергілікті тұрғындардың айтуынша кейін де археолог мамандар Қышқалада бірнеше рет болған, кішігірім қазба да салынған бірақ, ол туралы ресми орындарда ешқандай мәлімет жоқ. Ең өкініштісі Қызылорда облысының тарихи-мәдени ескерткіштері жайлы жазылған арнайы жинаққа Қышқала енбей қалғаны. Ескерткіш 1960 ж. жарық көрген «Қазақстанның археологиялық картасы» бола тұрып, жинақты құрастырушы мамандардың назарынан тыс қалған.



Зерттеу нәтижелері. Қышқалада 2018-2020 жылдары жүргізілген қазба барысында қоғамдық және әлеуметтік мәні бар бірнеше ғимараттың орындары ашылды. Солардың алғашқысы қалашықтың солтүстік-батыс шетін алып жатқан қала бейіті аумағында орналасқан жеке отбешікке салынған қазба (қазба I) барысында белгісіз ғимараттың орны ашылды. Ғимарат ол баста күйдірілген кірпіштен тұрғызылған болса керек. Қираған ғимараттың орнында қалыптасқан құландылары табиғи төбеге айналған. Айналасында үйілген құрылыс материалдарының басым көпшілігі күйдірілген кірпіштер мен олардың сынықтары. Арасында бет жағына өткір құралмен кесіп өрнек салынған, төртбұрышты күйдірілген қыш тақталар, түрлі-түсті мазайкалы өрнектердің шашылған сынықтары да көп (сурет 1).

Қасбеті солтүстік-батысқа қараған ғимараттың төрт бұрышты негізгі бөлмесінің көлемі (қабырғасының сырт жағынан есептегенде) 11x11 м., оның артқы жағының орта тұсына (оңтүстік батыс шетіндегі) жапсыра салынған екінші бөлменің көлемі 7x7 м. қабырғаларының қалыңдығы 2 м. Оның жобасы мен сәулеткерлік сипаты негізін (фундаментін) тұрғызу үшін қазылған шұңқырлардың іздері бойымен анықталды. Құлаған ғимарат орнын қазу, тазалау, бұзылмай қалған құрылыс материалдарын жинап, сараптау, құрылыстың ерекше жобасын ұқсас ескерткіштермен салыстыру нәтижесі бұл жерде мұсылман үлгісінде салынған кесене болғандығын көрсетті (Талеев және т.б., 2018: 265-266). Кесененің жобасы мен құландысынан табылған түрлі көлемдегі қыштар, өрнекті тақталар және түрлі-түстегі мазайкалар оның Алтын Орда қоғамында белгілі бір орны бар, беделді тұлғаның немесе тұлғалардың қабірі басына тұрғызылғандығын байқатады.



Сурет. Кесене 1. Түрлі түсті мозайка өрнектерінің сынықтары

Біз қазған кесенемен мерзімдес, топографиялық жобасы мен сәулеткерлік тұрпаты ұқсас кесенелер ТМД мен Қазақстанның әртүрлі аймағында табылып, қазылған. Солардың бірі 2010 ж. Еуразия ұлттық университетінің археологтары (М.К. Хабдулина) Астана қаласынан оңтүстікке қарай 100 км жерден ашқан Жәнібек-Шалқар кесенесі (Ученые предполагают, артефакты подтверждают, 2020). Мавзолейдің мерзімделуі XIV-XV ғғ. Олардың безендіру қаптамаларының өте ұқсас болғандығы сондай, тіпті бір шебердің қолынан шыққан ба? деп ойлайсың. Арал теңізінің құрғап қалған табанынан табылған Кердері кесенесінің бетіне қиып салынған өрнектері бар жапсырма тақталары да Қышқала кесенесінің қима тақталарына өте ұқсас. Кердері кесенесін де мамандар онан табылған археологиялық материалдар бойынша XIII-XIV ғғ. аралығымен мерзімдеген. Солтүстік Қазақстан облысының Ш. Уәлиханов



ауданынан табылып, қазба жұмыстары жүргізілген Алтын Орда дәуірі кесенесінің (Қызылоба) жобасы мен сәулеттік ерекшеліктері айтылған кесенелермен бірдей. Кесененің жерлеу қабірінің бірінен табылған екі күміс монетасын оқыған белгілі нумизмат П. Петровтың анықтамасы бойынша, олар XIV ғасырға жатады. Алтын Орданың астанасында (Сарай әл-Махруса) соғылған. Монеталардың бірінде 737 хижри күні, яғни біздің заманымыздың 1337 жылы деген жазуы жақсы оқылады (Алтын Орда құпиясы).

Украинаның Запорожие облысы жеріндегі Конские горы қалашығында қазылған Алтын Орда дәуірі мешітінің мазайкалық безендіруі қышқаладағы кесене мазайкасын дәлме-дәл қайталайды. Жоғарыда айтылған кесенелердің түрлі көлемдегі және түрлі формадағы кірпіштерінің көлемі, көркемдеу үшін қолданылған мозаикалық безендірулері, сыртқы қаптама тақталарының өрнектері, кесенелердің жобасы, сәулеттік сипаты бір-біріне өте ұқсас. Және мерзімделуі де бір уақыт. Олардың барлығы да Алтын Орда дәуіріне жаттады. Тіпті оларды безендіру тәсіліне қарап тұрып бір ұстаның (шебердің) қолынан шыққан ба? деген ойға қаласың.

Қазба барысында ашылған кесенеге (қазба I) ұқсас тағы да екі құрылыс қазылуда. Қалашықтың маңында жүргізілген барлау-бақылау жұмыстары кезінде біз қазған төбеге ұқсас ондаған төбешіктер анықталды. Олардың диаметрі (20-26 м) мен биіктігі (1,5-2 м) бір-біріне шамалас. Олардың үстінде шашылып жатқан құрылыс қалдықтары да бірдей, күйдірілген қыштар мен түрлі-түсті сырлы қыштар сынықтары. Яғни олардың біз қазған нысанға ұқсас мұсылман үлгісінде салынған кесенелердің орны екендігіне күмән жоқ. Демек, ол төбелер де Алтын Орда дәуірінде жоғары лауазым иесі болған, қоғамда беделді, мұсылман дінін ұстанушы зиялы тұлғалардың қабірі басына салынған кесенелердің орны. Осындай мәліметтер Қышқала (Баршынкент) қаласы мұсылман дінін қабылдаған Алтын Орда ақсүйектерінің көптеп жерленген киелі орын (пантеон) деп болжау айтуға негіз береді.

Ал екінші қазбадан (Қазба II) сегіз қырлы, сыртқы қабырғалары күйдірілген кірпіштерден өрілген ғимараттың қалдығы ашылды. Ашылған нысанының сыртқы құрылысы әртүрлі ұзындықтағы сегіз қабырға мен төрт мұнарадан тұрады. Төменгі жағы 27×27×6; 26×26×5 см көлемдегі күйдірілген кірпіштермен қаланған сыртқы қабырғалардың ені 1 м, сақталған биіктіктері 10-60 см аралығында.

Құрылыстың барлық қабырғаларының ішкі-сыртқы жиектері күйдірілген бүтін кірпішпен өріліп, ортасы қам кесек сынықтары мен қою балшық араластыра отырып толтырылған (сурет 2).


Құрылыстың төрт бұрышынан тұрғызылған аумағы 1,6-1,9 м келетін дөңгелек және жартылай қабырғаға жапсарлас өрілген мұнаралары бар. Барлық мұнаралардың сыртқы жиектері арнайы дайындалған көлемі 20×20×10 см келетін, жартылай иіліп күйдірілген кірпіштермен өріліп, ортасы кірпіш сынықтармен толтырылған. Арнайы дайындалған кірпіштер үшбұрышты қалыпта және бір қырын доғалдау етіп шеңбер тәрізді құрылысты өруге ыңғайлап құйылған.

Ғимараттың солтүстік және оңтүстік қабырғаларында бір-біріне қарсы орналасқан еңселі қақпалары болған. Ал ішкі жағында қабырғаларды жағалай радиалді түрде орналасқан бірнеше бөлмелердің жобасы сақталыпты. Бөлмелердің еденіне күйдірілген қыштар төселген. Әр бөлменің орта тұсында арнайы салынған тазалық бұрышы, ташнау (қол жуатын орын) орналасқан. Ғимараттың қақ ортасында аумағы шамамен 12×12 м келетін сегіз қырлы алаң және осы алаңның құрылысына сәйкес келетін аумағы 2,5×2,5 м күйдірілген кірпіштер төселген сегіз қырлы еденнің орны шықты. Еденнің қақ ортасында ташнау қуысы бар. Оның астында тереңдігі 1,3 м. ені 1 м етіп күйдірілген кірпіштен қаланған суағар (ташнау) арнайы қусы анықталда. Алаңның төрт бұрышында ғимараттың шатырын ұстап тұрған төрт бағананың қалдығы байқалады. Осы нысанды қазған мамандар бірсыпыра ерекшелік белгілеріне қарай оны медресенің орны болуы мүмкін деген болжам жасаған (Елеуов, Есен, 2020: 67-69).

Сегіз қырлы ғимарат орнында 2023 ж. арнайы шақырылған сәулеткер маман Сәдуақас Агитаевпен бірлесе жүргізілген қайта зерттеу қорытындысы бойынша бұл қасиетті орынға зиарат етіп келуші, қажылық сапарда жүрген мұсылмандар тоқтайтын Завианың орны болар деген тұжырым жасадық. Алтын Орданың әр қаласында болған сопылық баурластықтың завиялары (қонақ үй) жайлы мәлімет әйгілі діндар, араб саяхантшысы Ибн Батутаның




жазбаларында айтылады. Завия XIV ғ. Орта Азияда кең тараған орын. Онда жолаушыларға, әсіресе зиарат етуші мұсылмандарға тегін тамақ пен жатар орын берген. Батута өзінің Орта Азияға саяхаты барысында ахи баурластығы өкілдерінің қонақ жайлылығын кеңінен пайдаланған. Ол өзінің жолжазбасында Алтын Орда қалаларындағы сопылық завиялардың өзін қалай қабылдап, өзіне кімдердің дәм беріп күткені және Жошы ұлысындағы сопылық завиялардың қонақжайлығы жайлы жан-жақты мәліметтер келтіреді (Ибрагимов, 1988, 41, 60). Мамандардың мәлімдеуінше завиялар әдетте жергілікті әулиелер жерленген орындарда көп болған. Біз қазған сегіз қырлы ғимараттың сәулеттік ерекшелігі мен ішкі құрылыстарының сипаты оны сопылық бауырластықтың завиясы деген болжауға негіз болады.



Сурет 2. Сегіз қырлы құрылыстың биіктен түсірілген фотосы мен сызба жобасы

2021-2022 жж. Қышқаладағы қазба жұмыстары қайта жалғасты. 2021 ж. алғаш басталған бірінші қазба (Қазба I) соңына дейін жалғастырылды. Қазба нәтижесі 2018 ж. басталған қазба астында жатқан заманында сәулеті алыс-жақын аймаққа танымалы болған керемет кесененің жатқанын көрсетті (сурет 3).

Кезінде уақыт пен табиғаттың тылсым күштері (жаңбыр, жел, боран және ыстық күн) әсерінен, артынан жергілікті жұртшылықтың тонауынан жермен-жексен болған ғимараттың орнында үйіліп жатқан құрылыс материалдарының салтанаты мен сапасы бұл жерде кереметтей кесененің болғанын білдіреді. Ашылған ғимараттың жобасы мен қазба барысында жиналған сырланған және сырланбаған, арнайы жасалған қыш материалдар мұсылман стилінде салынған күмбезді кесененің қас беті мен ішкі жағы асқан шеберлікпен безендірілгендігін білдіреді. Кесененің қас беті мен бас қақпаның жақтаулары кесіп салынған тамаша өрнектері бар қыш тақталар және түрлі-түсті мазайкалармен безендірілген. Кесене көлемі 11x11 м. негізгі зал мен оның артқы жағында орналасқан 7x7 м көлемдегі қабірханадан тұрады. Негізгі зал мен қабірхана күмбезден жабылған. Олардың қабырғалары мен күмбездері арнайы нақышта жасалған, түрлі өлшемдегі қыш тақтала, кірпіштермен сәнделген. Кесененің жобасы Түркістандағы Ахмет Иясау кесенесін қайталайды. Осының барлығы кесенеде жерленген кісінің қоғамда өзіндік орны бар, зиялы, діни адам болғанын аңғартады. Жоғарыда айтып кеткен себептерге байланысты қираған кесененің астында қалған қабірхана жартылай сақталған. Үстіңгі жағы талқандалғанымен қабірге жерленген екі мәйіттің қаңқалары аман болып шықты. Мәйіттердің екеуі де шетелге кәсіби зерханалық сараптамаға жіберілді.



Сурет 3. Кесененің толық қазылғанға кейін үстінен түсірілген фотосы

Қаланың мерзімделуін анықтауға қатысты материалдар

2021 ж. қаланың орта тұсына стратиграфиялық кесік салынды. Бұл қазбаның мақсаты қаланың абсолюттік мерзімделуін анықтау болатын. Ұзындығы 9,8, ені 2, тереңдігі 4 м., кесіктің 4 м және 2,3 м тереңдіктегі қабаттан алынған көмір сынамалары калибрленген абсолютті жасын анықтауды қоса алғанда, радиокөміртекті анықтау үшін Герцен атындағы Санкт-Петербург Педагогикалық Университеті зерханасына жіберілді (сурет 4).



№ п/п	Идентификатор образца (Заказчик)	Шифр образца (Исполнитель)	Абсолютный возраст, BP	Калиброванный возраст (2σ) calAD
1	KISKALA STRAT. 4 м, Кышкала (уголь)	SPb_3768	974±30	999-1159


Диапазон возрасти образца угля:

1) KISKALA STRAT. 4 м, Кышкала (уголь): 999-1159 гг. н.э.

SPb_3768 KISKALA STRAT. 4 м, Кышкала (уголь)

974±30 BP

999-1159 гг. н.э. (calAD)



Сурет 4. Сынама алынған кесік пен сынама лардың сараптамалық көрсеткіші

Арнайы маманданған зерхананың жіберілген көмірге жасаған сараптама нәтижелері бойынша қаланың төменгі қабаты XI ғ. көрсетті. Ал 2,3 м тереңдіктен алынған сынама дұрыс нәтиже бермеді. Керісінше 2022 ж. қаланың ең жоғарғы қабатына салынған 11 ші қазбадан табылған теңге мен қола құты қала өмірінің соңғы уақытын көрсетті. Қазбадан табылған мыс теңгенің Ресейлік нумизмат П.Н. Петровтың анықтамасы бойынша көлемі 18,92×18,47 мм, салмағы 1,26 гр, қалыңдығы 0,73 мм. Баршынкентте хиджира бойынша 768-769 ж. Мұбарәк ханның тұсында соғылған. Бетінде Тұқа-Темір хан әулетінің таңбасы бар.



Қышқала 2022 ж. № 11 ші қазба 7 ші бөлмеден табылған қытай Yuan Bao подлинный китайские тенгесі. Тянь Чэн 1023 - 1031 жж. Китай песня (1023 н.э.) Тянь Sheng древние монета #40126 –

Сурет 2. Қышқала. Қазба 11. Баршынкенте XIV ғ. соғылған манета (пул)

Осы қазбаның 8 ші бөлмесінен қоладан жасалған бетінде өрнегі мен жазуы бар, сырттай қарағанда білезікке ұқсас белгісіз зат табылды. Басында бұл әйелдердің әшекей бұйымы (білезік) ма?, деген болжам болған. Интернет желісінен тура осыған ұқсас шықан жері мен жасалған уақыты белгілі құтыны көрген кезде біз тапқан бұйымның құты екендігіне көзіміз жетті. Тек оның түбі мен жоғарғы қақпағы шықпады. Интернет желісінде көрсетілген мәлімет бойынша Рух деп аталатын бұл өнер туындысы кону тәріздес етіп мыстан жасалған құты діни ғұрыптық бұйым болып шықты. Оның сыртқы қабырғасы мен конус тәріздес қақпағындағы шеңбер ішінде IHS (Иса) деген жазу бар. Шеңберлер бұйымның қабырғасы мен қақпағында екі реттен қайталанған. Оның ішіндегі жазудың айналасына ақ және көк түстермен инхрумтация жасалған. Шеңбердің сыртқы жағы өсімдік нақышындағы өрнектермен безендірілген. Нақыштар мен жазудың беттеріне алтын жалатылған сыр жағылған. Діни мақсатта қолданылған осы құты 1250 ж. Францияның Лимож қаласында жасалғаны жазылған. Рух деп аталған қазақтың киіз үйіне ұқсас осы құты американдық әйгілі филантроп Майкл Фридсамның (1860–1931) коллекциясында сақталған (Рух). Біз тапқан бұйым осы айтылған құтыдан айнымайды. Өлшемдері мен сыртқы өрнегі, нақыштары және сырлары да ұқсас. Тек материалында аздап айырмашылық бар. Қышқаладан табылған құтының құрамында қола басым (сурет 5). Және көптеген ғасыр жер астында жатқандықтан сақталу сапасы да өте төмен.

Қышқалаға 2021 ж. салынған стратиграфиялық кесіктің ең төменгі қабатынан алынған көмір сынамаасының радиоуглеродтық сараптама нәтижесі оның абсолюттік жасы 947 ± 30 ж. яғни, XI ғ. қалыптасқанын көрсетеді. Ал 2022 ж. қалашықтың беткі қабатына салынған қазбадан (қазба 11) табылған теңгелер мен кійіз үйге ұқсас мыс құты, сырлы және сырланбаған қыш ыдыстардың үлгілері қала тұрмысының XIV ғ. соңына дейін созылғандығын білдіреді. Жұптап айтқанда қала Оғыз дәуірінің соңғы кезінде қалыптасып, Алтын Орда тұсында гүлденген сауда және рухани орталыққа айналғаны анық. Қандай да бір себептермен тіршілігін Ақ Орданың тұсында тоқтатқан. Қала тіршілігінің тоқтау себептерін анықтау алда жүргізілетін зерттеулер барысында анықталатын болады.



Детали произведения искусства
Название: Рух
Дата: около 1250 года
География: Салтан в Лиможе, Франция
Культура: французский
Материал: Медь, эмалировка, позолота, оловянная
Размеры: Таблетка размерами 4,3 x 2,11 x 16
диаметр (10,8 x 6,8 см)
Классификация: Эмалевый Шлангитин
Коллекция имени: Коллекция Фридсман,
наименование: Майкл Фридсман, 1931 год
Регистрационный номер: 32.189.282
Детали произведения искусства. Рух
https://www.metmuseum.org/art/collecton/search/467490
1 Лиможеда жасалған өнер туындысы
(құты)



2 Қышқаладан табылған бұйым

Су рет 5. I H S – Христовграм құты.



Қышқаланы тарихи қаламен баламалану мәселесі

Сыр бойындағы Барчиликент қаласы туралы алғашқы мәлімет 1182 жылы мамырда әл-Бағдадидің Гуридтер билеушісі әд-Дин Текештің сарай хатшысына жазған хатында кездеседі. Онда Текештің үлкен ұлы Малик шах Дженд, Рабат, Сығанақ және Барчиглыкенттің билеушісі болғанын айтылған (Ахинжанов, 1995: 214). Рим папасы Инокенти IV тің 1246 жылы моңғолға жіберген елшісі Карпинидің есебінде Баршынкент жайлы мынадай маңызды мәлімет келтірілген: «Канғыт жерінен біз Бисерман жеріне кірдік. Бұл адамдар коман тілінде сөйлеген, әлі сөйлейді, саррациндік заңды ұстанады. Бұл жерде біз сансыз жойылған қалаларды, қираған бекіністерді және көптеген талқандалған ауылдарды кездестірдік. Бұл жерде бір үлкен өзен бар, оның аты бізге белгісіз; онда Янкинт (Жанкент) деп аталатын қала тұр, екіншісі Бархин деп аталады, ал үшіншісі, Орнас деп аталады және бізге белгісіз көптеген атаулар болды. Бұл жердің Биік-Сұлтан деп аталатын қожайыны болды; оны татарлар өзінің барлық ұрпақтарымен бірге өлтірді.....» (Карпини, 1911: 51). Тағы бір жерде саяхатшы «қаланың моңғолдарға қарсы табанды қарсылық көрсетіп, қаланы айнала үлкен орлар қазып, бетін жапқаны, қалаға шапқан дұшпандар орға құлағаны, сол себепті орлар толғанша қаланы ала алмағаны, осыны естіген Ианкинт (Iankint) атты қаланың адамдары олардың алдынан шығып, қаланы өз еріктерімен бергені, осыдан қала талқандалмай, адамдардың көпшілігін өлтіріп, қалғандарын қоныс аударып, қаланы тонап, оны басқа адамдармен толтырды» - деп жазады (Карпини, 1911: 24). Келесі кезекте Баршынкент 1247 жылы Армян патшасы Гетумның қарақорымға сапары жайлы армян тарихшысы Киракос Гандзакецтің әңгімесінде Парчин деп айтылады. Онда елшіліктің Парчин қаласына моңғолдан қайтқан сапарында 1255 ж. соққаны жайлы айтылады (Гандзакеци, 1976: 224).

Баршынкент жайлы едәуір толымды мәлімет Жамал Қаршидің еңбегінде келтірілген. Жергілікті шейх Хусам ад-дина Барчинлигитан дәріс алуға барған ол қалада бір жыл (1273-1274 жж.) тұрған. Сондай-ақ Жамал Қарши Барчкад қаласы Алтын Орданың ірі діни орталықтардың бірі болғанын жайлы да хабарлайды. Ал Алтын Орданың әр қаласында болған сопылық баурластықтың завиялары (қонақ үй) жайлы әйгілі діндар, араб саяхантшысы Ибн Баттутаның жазбаларынан кездестіреміз. Ол өзінің Орта Азияға саяхаты барысында ахи баурластығы өкілдерінің қонағжайлылығын кеңінен пайдаланған. Ол Алтын Орда қалаларындағы сопылық завиялардың өзін қалай қабылдап, кімдердің дәм беріп күткені жайлы, Орта Азиядағы сопылық завиялардың саны жайлы қызықты мәліметтер келтіреді (Ибрагимов, 1988: 41,60). Мамандардың мәлімдеуінше завиялар әдетте жергілікті әулиелер жерленген орындарда көп болған. Жоғарыда айтылған сегіз қырлы нысан өзінің сәулеткерлік сипаты мен ішкі құрылыс ерекшеліктеріне қарағанда Ибн Баттута баян қылған сопылық завияға келеді.

Қазақтың белгілі ғұлама ғалымы академик Ә.Х. Марғұлан Баршынкенті Алпамыс батыр жырындағы Гүлбаршынның есімімен байланыстырып, қаланың орны Қышқала болуы мүмкін деген пікірді алғаш айтқан ғалым (Марғұлан, 1950: 76–78). Кеңестік беделді лингвист В.М. Жирмунский В.А. Каллаурдің болжамдарын негізге ала отырып, Сырдарияның ескі арнасы оғызсай ежелгі кезде Баршындария деп аталуы мүмкін деген пікірін қолдай отырып, Баршынкент сол Баршындарияның бойында болған деген тұжырым жасаған (Жирмунский, 1951, 101-102). Осы айтылған болжамдар осы күнгі Қышқала жатқан аймақпен тұспа-тұс келеді. Яғни, Қышқала Баршынкент қаласының орны деген болжамды растайды. Қала жайлы жазба деректер мен археология зерттеулер нәтижелері осындай тұжырым жасауға негіз болады. Қазба кезінде қаланың мәдени қабатынан табылған баршынкентте соғылған мыс теңгелер осының куәсі.

Қорытынды. Ортағасырлық Қышқала қалажұртында 2018 жылдан бері жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижелері мен жазба деректер мәліметтерін сәйкестендіру деректерде Барчин, Парчи, Барчканд, Барчынлык деген атаулармен кездесетін Сырдарияның ортаңғы ағысындағы тарихи қаланың орны екендігін растайды. Қала аумағында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ашылған ғұрыптық және қоғамдық ғимараттардың сәулеті мен салтанаты, құрылыс ерекшеліктері шаһардың ислам дінінің мәдени және рухани орталығы болғандығын және қалада көптеген ғұлама, дін өкілдерінің өмір сүргендігін көрсетті. Стратиграфиялық қазбадан алынған сынамаалардың сараптамалық нәтижесі мен табылған заттай деректердің салыстырмалы сипаты қаланың іргесі XI ғ. қалыптасып, Алтын Орда дәуірінде үлкен мәдени,



сауда-экономикалық және рухани орталыққа айналғандығын анықтады. Ал қала тіршілігінің тоқтауы XIV ғ. соңына сәйкес келетіндігі белгілі болды. Қала тіршілігінің бірден құлдырап, мүлдем тоқтауының себептерін білдіретін дәйектер анықталмай қалды. Қала тіршілігінің тоқтау себептерін анықтау алдағы уақыттарда жүргізілетін зерттеулердің еншісінде деген ойдамыз.

Археологияның басты мақсаты осындай қала орындарын қазып, алынған мәліметтер негізінде еліміз бен халқымыз тарихының бұрын белгісіз болып келген беттерін ашу болып табылады. Қазба барысында табылған заттай жәдігерлер музей қорларына өтізілуде. Олардың бірқатары күнделікті экспозицияларда жалпы жұртың тарихи танымын өсіру мақсатымен көпшілікке көрсетілуде. Арнайы көрмелер ұйымдастыру да қарапайым халықтың рухани байлығын арттыру мақсатында қызмет етуде. Дегенмен, көптеген жәдігерлер қалпына келтіру, зерханалық сараптама жасау, оларды сақтау және ғылыми талдау секілді шаралардан тыс қалып жатыр. Қазылған қаншама маңызды нысандар әрі қарай жүргізілетін қатыру, қалпына келтіру, туристік бағдарламаларға енгізу секілді қорғау, ғылыми пайдалану шараларына мұқтаж, жыл санап, табиғи және физикалық әсерден жойылу үстінде. Осы айтылған шаруаларды жүзеге асыру біздің басты әлсіздігіміз болып отыр.

Айтылған мәселелер мемлекеттік мекемелер мен жергілікті әкімшілік және кәсіби мамандар тарапынан көмек күтіп тұрған қасиетті шаралар деп ойлаймыз. Біздің ғылыми бағытымыз осы мақсатқа бетбұру деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

Алтын Орданың құпиялары: археологтар ежелгі кесененің орнын тапты. <https://sputnik.kz/20201026/Altyn-Orda-arkheologtar-15298830.html>

Археологическая карта Казахстана, 1960 - *Археологическая карта Казахстана*. Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1960. 450 с.

Ахинжанов, 1995 - *Ахинжанов С.М.* Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: «Ғылым», 1995. 296 с.

Гандзакеци, 1976 - *Киракос Гандзакеци*. История Армян. М.: «Наука» 1976. 359 с.

Жирмунский, 1951 - *Жирмунский В.М.* Следы Огузов в низовьях Сыр-Дарьи // Тюркологический сборник. – М.-Л.: изд. АН СССР, 1951 – С. 92-102.

Ибрагимов, 1988 - *Ибрагимов Н.* Ибн Баттута и его путешествия по Средней Азии. – М., «Наука», 1988. 131 с.

Елеуов, 2020 - *Елеуов М., Есенов С.* Қышқаланың сегіз қырлы кесенесі // Вестник КазНУ: Серия историческая № 3 (98) 2020. С – 65-72. <https://bulletin-history.kaznu.kz>

Каллаур, 2011 - *Каллаур В.А.* Древние города Сыганак (Сунак), Ашнас или Эшнас (Асанас) и другие в Перовском уезде, разрушенные Чингис ханом в 1219 году // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана. Авторы предисловия и сост. Елеуов М., Бахтыбаев М.М. Туркестан: “Туран”, 2011а. 447 с. илл.

Карпини, 1911 - *Иуанн де Плано Карпини*. История монголов. Перевод. А.И. Малеина. СПб., 1911, 51

Қоңыратбаев, 1987 - *Қоңыратбаев Ә.Қ.* Қазақ эпосы және Туркология. Алматы: Ғылым, 1987. 368 б.

Қоңыратбаев, 2004 - *Қоңыратбаев Ә.Қ.* Жент және Баршынкент // Қоңыратбаев Ә. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: Мер Сал Баспа үйі, 2004. Т. 2. Түріктану және шығыстану мәселелері. 518 б.

Маргулан, 1950 - *Марғұлан А.Х.* Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. Алма-Ата: «Наука», 1950. 123 с.

Мәмиев, 1999 - *Мәмиев Т.* Кейінгі орта ғасырлардағы Арал өңірінің қалалары (XIII–XVIII ғғ.): тарих ғыл. канд. ... дис. Алматы, 1999. 151 б.

Мәмиев, 2000 - *Мәмиев Т.* Қызылорда облысының археологиялық ескерткіштері. Алматы: «Рауан», 2000. – 48 б.

Талеев, 2018 - *Талеев Д.А., Елеуов М., Есенов С.* Тағдыры жұмбақ Қышқала // Қазақстан археологиясы. – Алматы: 2018, № 1-2. – 369 б. (259-272). // <https://e-history.kz/ru/news/show/6504/>

Ученые предполагает, артефакты подтверждают <https://akmomuzey.kz/kz/pages/ns7.html>

References

Altyn Ordanyñ qūpialary: arheologtar ejelgi kesenenin ornyn tapy [Secrets of the Golden Horde: archaeologists have found the site of an ancient mausoleum]. (In Kaz.) // <https://sputnik.kz/20201026/Altyn-Orda-arkheologtar-15298830.html>



- Arheologicheskaja karta Kazahstana, 1960 - Arheologicheskaja karta Kazahstana [Archaeological map of Kazakhstan]. Alma-Ata: izd-vo AN KazSSR, 1960. 450 s. (In Rus.)
- Ahinjanov, 1995 - Ahinjanov S. M. Kypchaki v istorii srednevekovogo Kazahstana [Kipchaks in the history of medieval Kazakhstan]. – Almaty: «Gylym», 1995. 296 s. (In Rus.)
- Gandzakesi, 1976 - Kirakos Gandzakesi. İstoria Armän [History of the Armenians]. M.: «Nauka» 1976. 359 s. (In Rus.)
- Jirmunski, 1951 - Jirmunski V.M. Sledi Oguzov v nizoväh Syr-Dari [Follow Oguzov in the lower reaches of the Syr Darya] // Türkologicheskii sbornik. – M.-L.: izd. AN SSSR, 1951 – S. 92-102. (In Rus.)
- İbragimov, 1988 - İbragimov N. İbn Battuta i ego putešestvia po Srednei Azii [Ibn Battuta and his travels in Central Asia]. – M, «Nauka», 1988. 131 s. (In Rus.)
- Eleuov, 2020 - Eleuov M., Esen S. Qyşqalanyñ segiz qyrly kesenesi [Esen S. the octagonal mausoleum of Kishkala] // Vestnik KazNU: Seria istoricheskaja № 3 (98) 2020. S – 65-72. (In Rus.) <https://bulletin-history.kaznu.kz>
- Kallaur, 2011 - Kallaur V.A. Drevnie goroda Syganak (Sunak), Aşnas ili Eşnas (Asanas) i drugie v Perovskom uезде, razruşennye Chingis hanom v 1219 godu [Ancient cities of Syganak (Sunak), Ashnas or Eshnas (Asanas) and others in Perovsk uyezd, destroyed by Genghis Khan in 1219] // Protokoly zasedani i soobşeni členov Turkestanskogo krujka ljubitelei arheologii. İstoriko-külturnye pamätniki Kazahstana. Avtory predislovia i sost. Eleuov M., Bahtybaev M.M. Turkestan: “Turan”, 2011a. 447 s. ill. (In Rus.)
- Karpini, 1911 - İuann de Plano Karpini. İstoria mongolov. [History of Armenians]. Pervod. A.İ. Maleina. SPb., 1911, 51
- Qoñyratbaev, 1987 - Qoñyratbaev Ä.Q. Qazaq eposy jäne Turkologia [Kazakh epic and Turkology]. Almaty: Gylym, 1987. 368 b. (In Kaz.)
- Qoñyratbaev, 2004 - Qoñyratbaev Ä.Q. Jent jäne Barsynkent [Zhent and Barshynkent] // Qoñyratbaev Ä. Köp tomдық şyğarmalar jinağy. Almaty: Mer Sal Baspa üii, 2004. T. 2. Türıktanu jäne şyğystanu mäseleleri. 518 b. (In Kaz.)
- Margulan, 1950 - Marğulan A.H. İz istorii gorodov i stroitel'nogo iskustva drevnego Kazahstana [From the history of cities and the construction art of ancient Kazakhstan]. Alma-Ata: «Nauka», 1950. 123 s. (In Rus.)
- Mämiev, 1999 - Mämiev T. Keingı orta ğasyrlardağy Aral öñiriniñ qalalary (XIII–XVIII ğğ.): tarih ğyl. kand. ... dis [Cities of the Aral region in the late Middle Ages]. Almaty, 1999. 151 b. (In Kaz.)
- Mämiev, 2000 - Mämiev T. Qyzylorda oblysynyñ arheologialyq eskertkişteri [Archaeological sites of the Kyzylorda region]. Almaty: «Rauan», 2000. – 48 b. (In Kaz.)
- Taleev, 2018 - Taleev D.A., Eleuov M., Esenov S. Tağdyry jümbaq Qyşqala [The Fate of the mysterious Kishkala] // Qazaqstan arheologiasy. – Almaty: 2018, № 1-2. – 369 b. (259-272). (In Kaz.) // <https://e-history.kz/ru/news/show/6504/>
- Uchenye predpologaet, artefakty podtverjdaiut [Scientists suggests artifacts confirm https]. (In Rus.) // <https://akmomuzey.kz/kz/pages/ns7.html>



МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

«ОТАН ТАРИХЫ». 2023. № 26 (3).

ӘДІСНАМА – МЕТОДОЛОГИЯ – METHODOLOGY

<i>Сарқытқан Қ., Мәсімханұлы Д.</i> ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫ ЖӘНЕ ДИАСПОРА МӘСЕЛЕСІ: ГЕОСАЯСИ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРДЫ ДАМУ ТҮРҒЫСЫНАН.....	438
--	-----

ТАРИХ – HISTORY – ИСТОРИЯ

<i>Орынбаева Г.У.</i> ДИСКУССИИ В СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ О ВОССТАНИИ 1916 г. В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: СОЗДАНИЕ МИФА.....	454
<i>Abdrakhmanova K.H., Konkabayeva N.N., Ali Ali Ali Ahmad Shaban (Egunem).</i> HISTORY OF THE STUDY OF MEDIEVAL TURKIC WRITTEN MONUMENTS.....	469
<i>Байдалы Р.Ж., Құдайбергенова А.И.</i> ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1923 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚПЕН КҮРЕСІ.....	479
<i>Vitakanova Z.Sh., Mukanova G.K., Muminov A.K. (Турция)</i> SYMBIOSIS OF SPIRITUAL AND SECULAR FORMS OF CENTRAL ASIAN EDUCATION IN THE HISTORY OF THE TWENTIETH CENTURY.....	495
<i>Жетпісбай Н.Ы., Жанғалиев Ұ.Қ.</i> 1868 ж. «УАҚЫТША ЕРЕЖЕ»: РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ОТАРЛАУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ САТЫСЫ.....	511
<i>Michal Pedracki (Польша), Khasseanova Zh.O., Jizenaliev Y.K.</i> ADAPTIVE FACTORS OF THE FORMATION OF THE POLICH DIASPORA IN KAZAKHSTAN IN THE XIX-XX CENTURIES.....	523
<i>Бекенова А.А., Қозыбаева М.М.</i> 1921-1922 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ АРА ҰЙЫМЫНЫҢ КӨМЕГІ.....	536
<i>Sultangazy G.Zh., Nurbayev Zh.Ye., Kishibayeva S.B.</i> URBANISM OF KAZAKHSTAN OF THE XIX-XX CENTURIES THROUGH THE PRISM OF PHOTO SOURCES.....	554
<i>Қабдолдина К.Қ.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРШЫЛДЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ ИСЛАМ ТАРИХЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХНАМАДА.....	567
<i>Набиолла Н., Ошан Ж.</i> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ: АБЫЛАЙ ХАНҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАРИХИ ЖЫРЛАР МЕН АҢЫЗДАР.....	582
<i>Капаева А.Т.</i> ГОЛОД 1921-1923 ГГ. В КАЗАХСТАНЕ И РЕГИОНАХ РОССИИ: ОБЩЕЕ И ОСОБЕННОЕ.....	594
<i>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</i> СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАР ОДАҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ (1946-1970 ж.ж.).....	606
<i>Zhutanbayev D.N., Ayagan B.G., Kara A. (Турция)</i> HISTORY OF THE FORMATION OF THE LEGAL BASIS OF TRANSITION TO THE MULTIPARTY SYSTEM IN KAZAKHSTAN IN THE LATE 1980S - FIRST HALF OF THE 1990S.....	618
<i>Гривенная Л.А., Бекишев Р.А.</i> ТАЙНА СПИСКА «232-х»: СОЦИАЛЬНЫЙ ПОРТРЕТ ЖЕРТВ ВОССТАНИЯ 1921 ГОДА НА ОСНОВЕ ЧАСТОТНОГО И ГРАФИЧЕСКОГО АНАЛИЗА.....	632

**АНТРОПОЛОГИЯ. ЭТНОЛОГИЯ. АРХЕОЛОГИЯ –
ANTHROPOLOGY. ETHNOLOGY. ARCHAEOLOGY**

<i>Талеев Д. Ә.</i> ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ СЫРДАРІЯ БОЙЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРТАЛЫҒЫ.....	650
<i>Белтепов Ж.</i> ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ МАГИЯ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҰҒЫМДАРЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ҚАЗІРГІ КЕЛБЕТІ.....	662



Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көшесі, 28
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: otanhistory@gmail.com.

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.
